

**Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасының
2025-2026 оқу жылындағы оқулықтар туралы мәліметі**

- Кітапхананың мақсаты:**
1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республикасы үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрлігінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады;
 2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйымымен бірлесіп атқарады;
 3. Мектептің міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу – тәрбие ісін неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында қорды қалыптастырады;
 4. Анықтама – библиография аппаратын, кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастырып, кітапхана қорын толық ашып көрсетеді;
 5. Оқушыны кітапқа құштарлыққа, кітапхананы пайдалана білуге тәрбиелейді;
 6. Кітаппен өз бетінше жұмыс жасау жолдарын меңгеруге, кітап арқылы ой - өрістерін, рухани жандүниесін кеңейтуге, тілін дамытуға, ой - өрісі кең, білімді, парасатты азаматтарын тәрбиелеуге жәрдемдеседі;
 7. Мектептегі педагог қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін көтеруге көмектеседі.

Кітапхананың міндеттері: Оқушыларға білім алудың басты құралы – кітап екенін түсіндіре отырып, жас ұрпақтың бойына патриоттық, әділдік, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыру.

2. Оқырман көңілінен шығып, олардың талаптарын қанағаттандыру бағытында еңбек ету, кітапхананың кітап қорын сақтап, молайту.
3. Кітапханаға келуші оқырмандар санын көбейтіп, жас ұрпақтың бойында кітапқұмарлықты, кітап оқуға қызығушылықты қалыптастыру.

Мектеп кітапханасындағы 2025-2026 оқу жылындағы есептік көрсеткіштері. Биылғы оқу жылына келіп түскен оқулық 1390 дана оқулық оның ішінде 4-сынып оқулықтарынан Жаратылыстану, Бейнелеу өнері, Орыс тілі, Ағылшын тілі, Цифрлық сауаттылық пәндері келіп түсті. 7-сынып география, геометрия, химия, Қазақстан тарих. Алгебра, 8-сынып Қазақстан тарих, 11- сынып Құқық негіздері, 10-сынып Алғашқы әскери және технологиялық дайындық, 11-сынып Алғашқы әскери және технологиялық дайындық толығымен ауысты.

Кітапхана қоры 19427

Оқулық қоры 16248

Көркем әдебиет 3179

Оқырмандар саны 200

Келу саны 2000

Кітап берілу саны 2600

Мектеп кітапханасының ең басты атқаратын қызметі – оқу-білім үрдісін оқулықпен, әдістемелік құралмен, әр саладағы әдеби кітаптармен қамтамасыз ететін және кітапхана нормасы мен ережесіне сай жұмыс атқаратын мектептің құрылымы. Мектеп кітапханасының өзгешелігі мен ерекшелігі де осында. Балалар алғаш кітаппен жұмыс істеуді мектептен үйренеді. Ал кітапханашының міндеті-оқуға, кітапқа құмарлығын арттыруға, кітапты қадірлей білуге үйрету. Кітапханадағы әр кітапқа қарап, олардың оқырмандардың қолында көп пайдаланғандығын, не болмаса кітап сәресінде қозғалыссыз тұрғанын байқауға болады. Кітапхана мәдени, рухани ақпарат орталығы болғандықтан бүгінгі атқаратын рөлі зор. Кітапхана пән мұғалімдермен тығыз байланыста. Әр түрлі мектепшілік іс-шаралар өткізу барысында: олимпиада, ғылыми конференция, пән аптасы, ашық сабақ, семинар, педкеңес, әдістемелік отырыс, жан-жақты тәрбие жұмысы, сынып сағаты болсын керекті материал таңдаған кезде кітапханадан үнемі көмек алуға болады. Тәрбиелік жұмысының негізгі бағытында керекті әдебиетті, газет пен журнал беттеріндегі мақалалардан табуға жетекшілік етеді. Әрбір мектеп іс-шарасына қызығушылық танытып, тақырыптар бойынша көз тартатындай көркем безендірілген, терең мазмұнды ашық көлемді кітап көрмелері ұйымдастырылады және ұсынатын әдебиет тізімі құрастырылады.

Кітапхана қорына аудандық білім бөліміне жетіспейтін оқулықтарға сұраныс беріліп сыныптар оқулықтарының барлығы беріліп кітапханадағы оқулықтар қорымен толықтырылды. Осындай жүйелі жұмыстар нәтижесімен кітапхана қоры толығып, өз деңгейінде жұмыс жүргізілді.

Сыныбы	Оқушы саны	Қамтылуы
1-4 сынып	153	100 %
5-9 сынып	176	100 %
10-11 сынып	63	100 %
Барлығы	392	100%

Оқушылардың оқулықпен қамтылуы осы оқу жылында мектеп оқушылары оқулықпен мектеп тарапынан 100 % қамтылды.

Оқушылардың қолындағы оқулықтарды тексеру кезінде мынадай жағдайлар анықталды 1 «а», «ә» сыныптары мен 5-6 «а», «ә» сынып оқулықтары өте

нашар ұсталған кейбір сыныптарда оқушылар кітабын сабақ кестесіне сәйкес әкелмеген, тастап кеткен. Оқулықтардың 15 % пайызы дерлік сырты қапталмаған, оқушыларға ескерту жасалып, қайта тексеру болатындығы айтылды.

Ұсыныс: Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне, күнделікті оқулықтарын тексеріп отыруын ұсынамын.

Дайындаған: Ж.Ахметова

2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанына есебі

2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанында (қыркүйек-қазан айында) мектеп кітапханасының жұмысы оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қамтамасыз етуге, кітап қорын толықтыруға және мәдени-танымдық іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталды.

Кәсіби жұмыс: Оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтылуына диагностика жүргізу

Қыркүйек айында 2025-2026 оқу жылына арналған оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтылуына диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде оқушылардың 100%-ы негізгі оқулықтармен қамтамасыз етілгені анықталды. Бұл жұмыс оқу жылының басында оқушылардың білім алуына келергісіз жағдай жасау мақсатында атқарылды.

Кәсіби жұмыс: Түскен оқулықтарды қабылдау және өңдеу

Қыркүйек айында кітапханаға жаңа оқулықтар мен оқу құралдары түсті. Атқарылған жұмыстар:

Жүк құжаттарын рәсімдеу және оларды есеп бөліміне өткізу.

Жиынтық есепке алу кітабына жазу.


Мөртаңба қою (барлық түскен оқулықтарға кітапханалық штамп басылды).

Түсу деңгейіне қарай картотеканы рәсімдеу (картотека толықтырылып, жаңа кітаптардың тізімі енгізілді). Жалпы, 1390 дана оқулық қабылданып, өңделді, бұл кітап қорының жаңаруына үлес қосты.

Мәдени-танымдық іс-шаралар

Қыркүйек айында келесі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді:


5 қыркүйек: А.Байтұрсыновтың туған күніне орай «Тіл – татулық тірегі» кітап көрмесі және таныстырылым. Көрмеге А.Байтұрсыновтың шығармалары, тіл туралы кітаптар мен материалдар қойылды. Таныстырылымға 30-дан астам оқушы қатысты. Іс-шара тілдің маңызын насихаттауға арналды, оқушылар арасында талқылау ұйымдастырылды.




«Жел, балалар оқылық» – «Балалар кітапханасы» жобасы аясында викториналық ойындар (сұрақ-жауап). Бұл іс-шара бастауыш сынып оқушыларына арналып, кітап оқуды насихаттау мақсатында өткізілді. Викторинаға 3а сынып оқушылары қатысып, сұрақ-жауап арқылы білімдерін сынады. Жеңімпаз топтар марапатталды.



«Ертегілер еліне саяхат» – Read X (оқып шығу және талқылау). Іс-шара ертегілер әлеміне саяхат түрінде ұйымдастырылды. Оқушыларға ертегілер оқылып, талқыланды. Қатысушылар саны – 21 адам. Бұл оқушылардың қиялын дамытуға және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға көмектесті.



Тілдер мерекесіне орай дебат. Тілдер күніне арналған дебатта оқушылар тілдердің рөлі, көптілділік туралы пікір алмасты. Дебатқа жас мамандар қатысты, модератор ретінде кітапханашы қатысты. Іс-шара тілдік мәдениетті насихаттауға бағытталды.



Қыркүйек айында атқарылған жұмыстар оқу жылының сәтті басталуына және оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға үлес қосты. Жалпы, іс-шараларға 100 –ден астам оқырман қатысты.

Мәдени-танымдық іс-шаралар

«Қош келдің, жас оқырман! – «Өз ертегіңді жаз» атты жас жазушылар байқауы»

Қазан айында бастауыш және орта буын оқушыларына арналған «Өз ертегіңді жаз» байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар өз қиялдарынан ертегі құрастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Байқауға 3ә сынып оқушылары қатысты, олардың жұмыстары кітапханада көрмеге қойылды. Іс-шара оқушылардың жазу дағдыларын және шығармашылық ойлауын нығайтуға бағытталды.




Ұстаздар күні – Ардагер ұстаздарды құттықтау

Ұстаздар күніне орай ардагер ұстаздарды құттықтау іс-шарасы өткізілді. Кітапханашылар ұстаздарға арналған әдебиеттер мен өлеңдер жинағынан құттықтау сөздер дайындап, мектеп оқушыларымен бірге ардагер ұстаздарға құрмет көрсетті. Ардагер ұстаздарға оқушылар барып өз тілектері мен сый құрметтерін көрсетті. Бұл шара ұстаздардың еңбегін бағалауға және ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға ықпал етті.




15 қазан – Әбу Сарсенбаевтың туғанына 120 жыл (1915-1995) Reading Time

Әбу Сарсенбаевтың шығармашылығына арналған «Reading Time» іс-шарасы өткізілді. Оқушылар ақынның өлеңдерін дауыстап оқып, олардың тақырыптары мен идеялық мазмұнын талқылады. Іс-шараға 30 оқушы қатысты. Бұл шара оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға және ақын мұрасын насихаттауға бағытталды.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында – «Кітаптағы ғажайып әлем»

Геймификация әдісі қолданылған «Кітаптағы ғажайып әлем» іс-шарасы бастауыш сынып оқушыларына арналды. Оқушылар кітап кейіпкерлерінің рөлдерін сомдап, әдеби шығармаларға негізделген ойындар ойнады. Іс-шараға 4-сынып оқушылары қатысты. Геймификация әдісі оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.



Қазан айында кітапханада 5 мәдени-танымдық іс-шара ұйымдастырылып, оған жалпы 120-нан астам оқушы қатысты. Іс-шаралар оқушылардың шығармашылық және зияткерлік дамуын қолдауға, әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға және ұстаздардың еңбегін бағалауға бағытталды..

Мектеп директоры



Қ.Байғишев

Кітапхана меңгерушісі Ж. Ахметова